

Қаражал қаласында жануарларды ұстау Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының ІІ сессиясының 2012 жылғы 28 наурыздағы N 25 шешімі. Қарағанды облысы Қаражал қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 8 мамырда N 8-5-129 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының V сессиясының 2012 жылғы 20 маусымдағы N 45 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қаражал қалалық мәслихатының V сессиясының 2012 жылғы 20 маусымдағы N 46 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ Е Т Т І :**

1. Қоса беріліп отырған Қаражал қаласында жануарларды ұстау Ережесі б е к і т і л с і н .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың әлеуметтік сала және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (С. Сыртанбеков) ж ү к т е л с і н .

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

ІІ сессияның төрағасы

Е. Қуанышев

Қалалық мәслихаттың хатшысы

З. Оспанова

Келісілді:

*"Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің Қаражал
аумақтық инспекциясы"*

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Ш. Рсалдин

28 наурыз 2012 жыл

*"Қаражал қаласы
ауыл шаруашылығы
және ветеринария бөлімі"*

мемлекеттік мекемесінің бастығы

А. Рахимжанов

28 наурыз 2012 жыл

"Қаражал қаласының ішкі істер бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

полиция подполковнигі

А. Тәкібаев

28 наурыз 2012 жыл

Қаражал қалалық мәслихатының
2012 жылғы 28 наурыздағы
II сессиясының N 25 шешімімен
бекітілген

Қаражал қаласында жануарларды ұстау Ережесі

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Қаражал қаласында жануарларды ұстау Ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңына, "Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы N 2331 Қаулысына, "Кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союды ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 4 қарашадағы N 1754 Қаулысына сәйкес, тұрғындарды адамдар мен жануарларға ортақ аурулардан қорғау, сондай-ақ бірге тұруға қолайлы жағдай жасау мақсатында әзірленді.

2. Осы Ережеде төмендегі түсініктер қолданылды:

1) ауыл шаруашылығы жануарлары – ауыл шаруашылығы өнімдеріне тікелей қатысы бар адамдар өсіретін жануарлардың барлық түрлері;

2) ветеринариялық құжаттар – мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне республикалық маңызы бар қаланың, астананың бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасары, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы беретін

ветеринариялық-санитариялық қорытынды, ветеринариялық сертификат; тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы эпизоотиялық жағдай туралы жануарға, жануардан алынатын өнімге және шикізатына ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің жергілікті атқарушы органы бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен жануарлардың, жануардың, жануардан алынатын өнімнің және шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөнінде өндірістік бақылау бөлімшесінің аттестатталған ветеринариялық дәрігері беретін ветеринариялық анықтама;

3) ветеринариялық іс-шаралар - жануарлар ауруларының профилактикасын, оларды емдеуді немесе диагностикасын қоса алғанда, олардың пайда болуын, таралуын болғызбауға немесе оларды жоюға; жануарлар мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін аса қауіпті аурулар жұқтырған жануарларды залалсыздандыруға (зарарсыздандыруға), алып қоюға және жоюға; жануарлардың өнімділігін арттыруға; жануарлар мен адамның денсаулығын жұқпалы, оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау мақсатында, бірдейлендіру рәсімін қоса алғанда, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың, жемшөп және жемшөп қоспаларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған эпизоотияға қарсы, ветеринариялық-санитариялық р ә с і м д е р к е ш е н і ;

4) ветеринариялық паспорт – Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нысандағы құжат, онда: малды есепке алу мақсатында малдың иесі, түрі, жынысы, түсі, жасы көрсетіледі;

5) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалар - мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау объектілеріне қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық, зоогигиеналық) талаптарды белгілейтін, сондай-ақ ветеринариялық нормативтердің негізінде ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібін айқындайтын, жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті болып табылатын нормативтік құқықтық а к т ;

6) ветеринариялық-санитариялық сараптама – жануарлардан алынатын өнімдері мен шикізатының, жемшөп пен жемшөп қоспаларының ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен органолептикалық, биохимиялық, микробиологиялық, паразитологиялық, уыттық және радиологиялық зерттеулер кешені арқылы айқындау;

7) дезинфекция, дезинсекция және дератизация - жұқпалы және паразиттік ауруларды қоздырғыштарды, тұрмыстық жәндіктерді және кеміргіштерді

өндірістік, тұрғын үй ғимараттарында, көлікте, қоғамдық орындардың жайларында және аумақтарда жоюға арналған алдын алу шаралары;

8) жануар иесі - жеке және өзгедей меншігінде жануары бар жеке және заңды т ұ л ғ а ;

9) жануарлар – құрғақта, суда, атмосферада және топырақта табиғи еркіндік жағдайында болатын жабайы жануарлар (сүтқоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, балықтар, моллюскалар, жәндіктер және тағы б а с қ а л а р ы ;

10) жануарларды ұстау - жануар иелерінің жануарлардың өмірін, оның жеке саулығын сақтау үшін, ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайларды ұстана отырып толыққанды тұқым алу, сондай-ақ адамдардың және жануарлар әлемінің қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудегі іс әрекеттері;

11) жануарларға арналған паналау баспанасы - қараусыз жануарларды уақытша ұстау үшін арналған арнайы жабдықталған нысандар;

12) жыртқыш жануарлар - басқа жануарлармен қоректенетін жануарлардың ж а л п ы а т а у ы ;

13) ит - үй жануары, мөлшеріне, түсіне және өзге ерекшеліктеріне қарамастан , қ а с қ ы р т ұ қ ы м д а с с ү т қ о р е к т і ;

14) иттер мен мысықтарды серуендету - иесінің меншігі болып табылатын немесе басқа тұлғадан жалға алған жайлардан жануарлардың тыс болуы, сондай-ақ иттер мен мысықтардың арнайы бөлінген аумақтарда болуы;

15) қараусыз жануарлар - меншік иесі бар және оның иелігінен (қарауынан) уақытша босап кеткен, иесі болмаған немесе иесі белгісіз жануарлар, сондай-ақ оның иесі меншік құқығынан бас тартқан үй жануары;

16) қоғамдық орындар - адамдардың көп жиналатын немесе адамдардың жиналуы мүмкін орындар, оның ішінде көшелер, скверлер, саябақтар және азаматтар демалатын өзге орындар, шомылатын жерлер, стадиондар, сауық шаралары жүргізілетін орындар ;

17) мысық – үй жануары, мөлшеріне, түсіне және өзге ерекшеліктеріне қарамастан м ы с ы қ т ұ қ ы м д а с с ү т қ о р е к т і ;

18) үй жануарлары - ауыл шаруашылық мақсаттағы жануарлардан басқа, адамның толық немесе жартылай ұстайтын тамақ өнімдері мен өнеркәсіп шикізатын алу үшін пайдаланбайтын зоологиялық түрлері.

3. Адамдардың және жануарлардың денсаулығына аса қауіп туғызатын жануарларды алып қою және жою Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 30 бабының 1 тармағына, 10 бабының 2 тармағының 7) тармақшасына сәйкес жүргізіледі.

4. Осы Ереженің талаптары меншік түріне және ведомстволық бағыныштылығына қарамастан Қаражал қаласының аумағында орналасқан, жеке

және басқадай меншігінде жануары бар жеке және заңды тұлғаларға, барлық жануар иелеріне таралады.

2 тарау. Жануарларды тіркеу тәртібі

5. Жануарларды тіркеу және есепке алу бойынша уәкілетті орган, сондай-ақ Қаражал қаласы бойынша жануарларды бірдейлендіру мәліметінің компьютерлік базасын жасаушы "Қаражал қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі болып табылады.

6. Жануарларды тіркеу жануарлар ауруының алдын алу және диагностика бойынша ветеринарлық өңдеуді жүзеге асыру үшін, жануарларды тіркеу және бақылауды өткізу мақсатында, оларды бірдейлендіру жолымен жүзеге асырылады.

7. Тұрғындарға, меншік түріне және ведомстволық бағыныштылығына қарамастан кәсіпорындарға, ұйымдарға және мекемелерге тиесілі барлық жануарлардың түрлері Қаражал қаласы бойынша жануарларды бірдейлендірудің компьютерлік мәліметтер базасына енгізілу үшін "Қаражал қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінде есепке алуға және тіркеуге жатады.

8. Тіркелген жануарға оның барлық өмір сүру уақыты бойында сақталатын ветеринарлық төлқұжат ресімделеді және бірдейлендіру нөмірі беріледі. Жануарларды бірдейлендіру Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабының 2 тармағының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы N 2331 "Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ережесін бекіту туралы" Қаулысымен бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру ережесінің 16 тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Жануарларды бірдейлендіруге байланысты барлық жұмыстар (сырғалау, таңбалау, және басқа жұмыстар) ветеринариялық төлқұжатты ресімдеуді қоспағанда, аумақтық мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспектордың тікелей бақылауымен лицензия алған ветеринариялық мамандармен өткізіледі.

10. Жануарларын тіркеу және қайта тіркеу кезінде иелері келесі мәліметтерді тапсырады:

иесінің жеке куәлігі, төлқұжаты;
салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
тұрғылықты мекенжайы, телефоны;

жануар туралы мәлімет (тұқымы, жынысы, аты, жасы, туған жылы, түсі, ерекше белгілері немесе жануардың сипаттамасы, бірдейлендіру әдісі).

11. Жануарларды сату немесе беру олардың ветеринариялық паспортын жаңа

иесіне қоса беру арқылы жүзеге асырылады.

12. Жануар мерт болғанда ветеринарлық төлқұжаты бұрын жануар тіркелген уәкілетті мемлекеттік органға тапсырылады. Ветеринариялық паспорттарды, чиптарды (жапсырмаларды) жануар өлген жағдайда тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің комиссиялық ветеринариялық бөлімшелері жояды.

13. Жануарларды тіркеу және бірдейлендіру рәсімі жануарлар иелерінің есебінен жүзеге асырылады.

3 тарау. Жануарларды ұстау

14. Жануар иесі жануарларды ұстау, көбейту туралы керекті ақпараттарды ветеринарлық ұйымдардан алады.

15. Жануар иесіне қажет:

1) жануарлардың ауруларын ескертуді қамтамасыз ететін ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген ветеринариялық (ветеринариялық – санитариялық) ережелерді сақтай отырып ветеринариялық (егу) және әкімшілік шаруашылық іс-шараларды жүргізуді жүзеге асыру;

2) жануарларды емдеуді және аурулардың алдын алуды уақтылы жүргізуді жүзеге асыру. Иттер мен мысықтарды тері паразиттері мен гельминттерден алдын алу үшін емдеу шараларын жүргізу. Аурудың барлық жағдайларында немесе жануардың ауруына күмән келтірген жағдайда тез арада ветеринариялық мекемеге хабарласу, тексеру нәтижесі бойынша мамандардың ұсынымын бұлтпай орындау;

3) зоопарктердегі, цирктердегі, омарталардағы, аквариумдардағы жануарларды қоса алғанда жануарларды ұстауды, көбейтуді және пайдалануды ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелер мен нормативтерге сәйкес жүзеге асыру;

4) жануардың қоршаған ортаға қауіп туғызбайтын және мазаламайтын мінез-құлығын қамтамасыз ету, жануарлардың адамдардың денсаулығына және мүлкіне, заңды тұлғалардың мүлкіне қауіп туғызуын болдыртпау;

5) адамды қауып алған, оған жарақат келтірген жағдайда: зардап шеккен адамға алғашқы медициналық көмек көрсету үшін емханаға жеткізу;

жануардың құтыру ауруын анықтау үшін ветеринариялық мамандардың бақылауында болуын он күн бойы қамтамасыз ету;

барлық оқиғаларда медициналық және ветеринариялық қызметтерге тез арада хабарлау;

б) жануарлардың кенеттен өлгені мен бірнеше жануарлардың бір уақытта

ауырғаны немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткені туралы ветеринариялық мамандарға хабарлау. Ветеринариялық мамандар келгенше ауруға ұшыраған сезікті жануарларды оқшаулап ұстауға шара қабылдау және ауырып өлгендігіне күдікті жануардың өлігін сақтау;

7) ветеринариялық мекемелердің мамандарына олардың негізделген талабы бойынша қарау, диагностикалық зерттеу және емдеу алдын-алу шараларын, егу мен вакцинация жүргізу үшін жануарларды кедергісіз көрсету;

8) ауыл шаруашылығы жануарларын сою алдындағы ветеринариялық қараусыз және ұшалар мен органдарға сойылғаннан кейінгі ветеринариялық-санитариялық сараптамасыз өткізбеу (сатпау);

9) кейіннен өткізуге (сатуға) арналған ауыл шаруашылығы жануарларын ет өңдейтін кәсіпорындарда, сою пункттерінде немесе ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарында союды Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелер мен нормаларды сақтай отырып жүзеге асыруға;

10) жануарларды серуендететін орындарда олардың нәжісін жинап алу, көп қабатты үйлердегі дәліздердің аумақтарын, баспалдақтарын, жаяу жүргіншілер жүретін орындарды қоса;

11) өлген жануардың өлігін тастауға жол бермеу, жануардың өлігін малқорымына көму (утильдеу) қажет;

12) жануарды ұстауға мүмкіндігі болмаған жағдайда оны басқа адамға беру, қараусыз жануарларға арналған паналау баспанасына немесе қаңғыбас жануарларды аулайтын арнаулы мекемеге тапсыру;

13) ветеринарлық мамандарға олардың қызметтік міндеттерін орындауларына көмек көрсету.

16. Жануарларды қоғамдық шомылатын орындарда, тоғандарда, субұрқақтарда, су қоймаларында және су жинау алаңдарында шомылдыруға және жуындыруға жол берілмейді.

4 тарау. Иттер мен мысықтарды ұстау

17. Санитарлық-гигиеналық, зоогигиеналық талаптар мен осы Ереже талаптарын орындаған жағдайда мыналарға жол беріледі:

1) көп қабатты тұрғын үйлердің пәтерлерінде иттер мен мысықтарды ұстауға;

2) жеке тұрғын үй қорында, ғимаратта және оған іргелес аумақта иттер мен мысықтарды ұстауға;

3) күзетші иттерді қоршалған аумақтарда ұстауға, жануарлардың қашып шығуын, адамдарға және басқа жануарларға шабуылдауын болдырмайтындай

жағдайда. Аулаға кірер кезде иттің бар екенін ескертетін тақтайшаға иттің суретін салып "Ит күзетеді!", "Охраняется собакой!" деген ескерту жазуды қ а м т а м а с ы з е т у қ а ж е т ;

4) балалар мен жасөспірімдер мекемелерінің "зоологиялық бұрыштарында", "жанды бұрыштарында" санитарлық-эпидемиологиялық және ветеринариялық қызметкерлердің рұқсатымен иттер мен мысықтарды ұстауға;

5) қонақ үйде иесінің итпен және мысықпен қоныстануы қонақ үй әкімшілігінің келісімімен жүргізіледі.

18. Мыналарға жол берілмейді:

1) тұрғын үй қоры пәтерлерінде иттер мен мысықтар үшін паналау баспаналарын ұйымдастыруға;

2) көпшілік пайдаланатын орындарда (асханаларда, дәліздерде, баспалдақтарда, жертөлелерде, шатырларда, лоджияларда, балкондарда және басқа да қосымша орынжайларда), үй жанындағы орындарда (жеке тұрғын үй қоры үйлерінің жанындағы орындардан басқалары) және жатақхананың дәліздерінде иттер мен мысықтарды ұстауға;

3) көзі әлсіз көретін адамдарды алып жүретін иттерден басқа иттерді қоғамдық тамақтану кәсіпорындарында, азық-түлік дүкендерінің сауда және өндірістік залдарында, қызмет көрсету орындары мен мәдениет мекемелерінде ұ с т а у ғ а ;

4) вакцина егілмеген иттер мен мысықтарды ұстауға;

5) жануарларға қатысты күш қолдануға (ұру, жарақат салу, өлтіру), адамның өмірі мен денсаулығына қатер төнген жағдайларда өзін-өзі қорғау әрекетінен б а с қ а ;

6) иттер мен мысықтардың терісін және етін сақтау, тұтыну, өңдеу мен сату мақсатында оларды аулауға, сатып алуға, ұстауға және өсіруге;

7) Қаражал қаласының аумағында иттерді таластыруға және жануарларға қатысты басқа да қатыгез іс-шаралар ұйымдастыру мен өткізуге (жануарларға зақым келтірмейтін және күзетші иттерді өсіру үшін дұрыс тұқымдық сұрыптау жүргізуге мүмкіндік беретін, арнайы ережелермен иттердің жұмыс сапаларын тексеруді көздейтін іс шаралардан басқа).

19. Азаматтарға, кәсіпорындарға, мекемелерге және ұйымдарға тиесілі иттер, екі айлық жасынан бастап, текті тұқымына қарамастан өте қауіпті инфекциялық және инвазиялық ауруларға қарсы міндетті түрде ветеринариялық профилактикалық өңдеуге жатады.

20. Мысықтар екі айлығынан бастап жануарлар мен адамдарға ортақ инфекциялық ауруларға, эпизоотиялық көрсеткіштер бойынша микроспорияға қарсы егу мен гельминттерге зерттеуге жатады.

21. Тек қана 16 жасқа толған тұлғалар ғана иттің иесі бола алады.

22. Егер иттің иесі заңды тұлға болып табылса, онда ол итті ұстауға жауапты тұлғаны тағайындауы тиіс.

23. Көшеде және басқа жалпыға ортақ жерлерде адамның қарауынсыз қалдырылған иттер ұстап алып, жоюға жатады, дүкендердің, ауруханалардың және де басқа жалпыға ортақ жерлерде байланып қалдырылған иттерден басқалары. Қараусыз қалған иттер мен мысықтарды аулау және жою Қаражал қаласының бағдарламалар әкімшілерімен ұйымдастырылады.

5 тарау. Ауылшаруашылық, жабайы, жыртқыш, улы және экзотикалық жануарлар мен құстарды ұстау

24. Ауыл шаруашылығы жануарларын ұстау, көбейту, жаю, айдау санитарлық аймақтың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

25. Ауыл шаруашылық жануарларын, құстарды ұстау қолданыстағы ветеринарлық-санитарлық нормаларға сәйкес арнайы жабдықталған бөлмелерде және қоршаған ортаның экологиялық қауіпсіздігін есепке ала ұсталады.

26. Жеке тұрғын үй аумағында бірнеше жанұялар тұрған жағдайда ауылшаруашылық жануарлары мен құстарды ұстауға сол үйде тұратын барлық көршілерінің жазбаша келісімімен жол беріледі.

27. Қаланың ауа кеңістігінен жабайы құстар ұшып өтетін мезгілдерде, жұқпалы ауыруларды таратушы болуы мүмкін, сондықтан құс иелері ұшып өтетін құстармен қатынасты болдырмау мақсатында, құстарды (барлық түрлерін) жабық орындарда ұстауы қажет.

28. Жануар ұсталатын тұрақ жай, іргелес аумақтарымен қоса, ветеринариялық-санитарлық және зоогигиеналық талаптарға сәйкес ұсталуы қажет.

29. Жәндіктерге, сондай-ақ кеміргіштерге (тышқандар, егеуқұйрықтар) қарсы күрес мақсатында жануарлар тұратын орындарды үнемі инсектицидтер мен дератизаторлық препараттармен өңдеу қажет.

30. Уәкілетті мемлекеттік органның келісімінсіз, жануарлардың биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес арнайы ұстайтын орыны жоқ жағдайда, осы жануарларды ұстауға машықтанбаған, осы салада арнаулы білімі және тәжірибесі жоқ болса жабайы, жыртқыш, улы және экзотикалық жануарларды ұстауға жол берілмейді.

31. Қаланың тұрғын үй қорының пәтерлерінде ауылшаруашылығы жануарлары мен құстарды (ірі қаралар, қойлар, ешкілер, жылқылар, түйелер, шошқалар, тауықтар, үйректер, қаздар, күркетауықтар, мамық жүнді аңдар) ұстауға жол берілмейді.

6 тарау. Иттерді серуендету тәртібі

32. Иттерді серуендетуге болады:

1) жануардың нәжісін жинап алатын ыдысы болғанда, иттердің тұмсығына тұмылдырық кигізілген (декоративтік тұқымды иттерден басқалары) және қысқа бауда (1,5 метрге дейін) осы Ереженің 33 тармағының 2), 3) тармақшаларында көрсетілген орындардан басқа жерлерде, айналасындағыларға кедергі келтірмеген жағдайда;

2) баусыз және тұмылдырықсыз қоршалған аулаларда, арнайы үйрететін алаңдарда және осы мақсаттарға арналған еркін серуендету орындарында.

33. Иттерді серуендетуге жол берілмейді:

1) індетке қарсы іс-шаралар жоспарына сәйкес міндетті ветеринарлық профилактикалық өңдеу шараларынан өткізілмесе;

2) балалардың алаңқайлары және спорт алаңдарында, қалалық шомылу орындарында, мектепке дейінгі және оқу орындарының, емдеу мекемелерінің аумақтарында, саябақтарда және қала тұрғындарының жаппай демалатын басқа орындарында;

3) адамдар жиналатын орындарда және қоғамдық шараларды өткізетін орындарда, адамдарды құтқару жөніндегі жұмысты орындаушы, сондай-ақ қылмыспен күрес және қоғамдық тәртіпті күзетуші қызметтік иттерден және жанары әлсіз адамдарды ертіп жүретін иттерден басқаларын;

4) алкогольдік және (немесе) есірткілік еліту жағдайындағы адамдар мен 14 жасқа толмаған балаларға.

34. Магистральды көшелердің жанында және көшеден өтер кезде иттің иесі (итті серуендетуші адам) оны жол-көлік оқиғасын және иттің жол үстінде мерт болуын болдырмауы үшін қысқа бауда ұстауы қажет.

35. Тиым салатын жазбалар болмаған жағдайда, итінің тұмылдырығы және қысқа бауы бар болғанда иттің иесіне мекемелерде, азық-түлік сатылмайтын дүкендерде, поштада және басқа орындарда болуына жол беріледі. Кәсіпорындарға, ұйымдарға және мекемелерге итпен нысандарға келуге тиым салынғаны жөнінде белгі орналастыруы және ит байлайтын орындар жабдықтаулары керек.

36. Тұмылдырығымен және қысқа баулы итті өздігінен шешіліп кетуін болдырмайтындай етіп байлап, оның иесі осы ғимараттың жайларында болған уақытына, ғимараттың жанында қалдыруға болады, егер осы ретте басқа адамдарға, қоғамдық тәртіптің бұзылуы мен қозғалысқа және иттің өзіне қауіп туындамаған жағдайда. Осы ретте ит адамдардың өтуіне кедергі келтірмеуі тиіс.

7 тарау. Иттер мен мысықтарды қалалық қоғамдық көлікте тасымалдау тәртібі

37. Қалалық қоғамдық көлікте иттер мен мысықтарды келесі талаптарды орындағанда тасымалдауға жол беріледі:

1) иттер қалалық қоғамдық көліктердің артқы алаңдарында, тұмылдырықта және қысқа бауда, нәжісін жинап алатын ыдысы болғанда, жолаушылардың мазасын алмайтындай жағдайда тасымалданады;

2) декоративті тұқымды иттер мен мысықтар арнайы торларда (тасымалдауға арналған контейнерлерде), нәжістерін жинап алатын ыдысы болса.

38. Қалалық қоғамдық көлікте тасымалдауға жол берілмейді:

1) ауру иттер мен мысықтарды;

2) осы Ереженің 37 тармағының 1), 2) тармақшалары орындалмаған жағдайларда;

3) алкогольдік және (немесе) есірткілік еліту жағдайындағы адамдар мен 14 жасқа толмаған балалардың иттерді.

8 тарау. Жануарларды сату, сатып алу және тасымалдау

39. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңына сәйкес жануарларды жануарлар иелері қоғамы (клубы) және питомниктер арқылы, зоодүкендерде және жануарлар сатылатын мамандандырылған базарларда сатуға, сатып алуға болады.

40. Қаражал қаласының аумағына шет мемлекеттерден жануарларды алып келу, алып кету Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңына сәйкес белгіленген тәртіпті сақтай отырып, уәкілетті органының рұқсаты болған жағдайда жүзеге асырылады.

41. Жануарларды тасымалдауға (орын ауыстыруға) денсаулығы, жүргізілген профилактикалық өңдеулері туралы белгілері бар ветеринариялық куәлігі және уәкілетті орган берген арнаулы үлгідегі ветеринариялық паспорты болған жағдайда жол беріледі.

42. Жануарларды автомобиль, теміржол, әуе көліктерінде Қаражал қаласынан тысқары жаққа тасымалдау осы көліктердің түрлерінде жануарларды тасымалдау Ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

9 тарау. Қаражал қаласында жануарларды ұстау туралы Ереженің орындалуын бақылау

43. Осы Ереженің талаптары бұзылған жағдайда кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Кодексінің 311 бабына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

44. Ішкі істер органдары белгіленген өкілеттігі тәртібінің шеңберінде:

1) азаматтардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің осы

Ережені орындауын бақылауды жүзеге асыруға ветеринарлық, санитарлық - эпидемиологиялық мекемелерге қажетті жәрдем көрсетеді;

2) кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің және азаматтардың ерекше жауапкершілікті талап ететін жануарларды әкелу, шығару, ұстау, өсірудегі құқықтарын келісу кезінде қатысады;

3) осы Ереженің талаптарын бұзған заңды және жеке тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тартады.

45. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдары белгіленген өкілеттігі тәртібінің шеңберінде:

1) эпизоотияға қарсы іс-шараларды ұйымдастырады және бақылайды;

2) жануарларды қаладан тыс шығарғанда оларға ветеринариялық сертификат береді;

3) қараусыз жануарларды аулау жөніндегі қызметтерге олардың жұмысын ұйымдастыруға көмек көрсетеді;

4) жануарлар иелерінің ветеринариялық және санитарлық талаптарды орындауларына бақылауды жүзеге асырады;

5) ветеринария туралы заңнаманы бұзғандарды әкімшілік жауапкершілікке тартады;

6) кинологиялық қызметпен шұғылданатын қоғамдар мен клубтарға, сондай-ақ иттер мен басқа жануарларды ұстайтын кәсіпорындарға, ұйымдарға және мекемелерге ветеринариялық-санитариялық қорытындыны береді.

46. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдары белгіленген өкілеттігі тәртібінің шеңберінде эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастырады және бақылайды.

47. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдары жергілікті атқару органдарымен бірлесіп адамдар мен жануарларға ортақ ауруларды ескерту мақсатында тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, сондай-ақ буклеттер, плакаттар және тақталар түрінде көрнекі жәрдемдер шығарады.